

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жаднама

Мұқият болыңыздар! Үйініздің кіреберісіндегі, аулаларыныңдағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқай аласыздар.

Қырағы болыңыздар! Маңайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орынсыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көніл аударыңыздар.

Үйлерініздің **қауіпсіздігін қамтамасыз етініздер:** кіреберісте домофонымен темір есік орнатыныңдар, жертөлелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексерініздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын **көріп тұрып, байқамаған сыңай танытпаныңдар!** Сіздер көлікпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларының бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар.

Адамдар аз (иесіз) жерде **күдік тудыратын затты тауып алу** сіздің сақтығыныңды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен, біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибеліз болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және әккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа **жақындаамаңыздар**, тіпті қол тигізбеніздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті.

Балаларыныңға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. **үйретініздер.**

**Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда
халыққа арналған жаднама**

**Терроризм актілерін дайындау немесе жоспарлауды
куәландыратын белгілері:**

1) сіз жұмыс істейтін немесе үйдің ауласында, ғимарат айналасында (*жисі баратын жеріңізді*) күдікті тұлғалардың бірнеше рет көрінуі, фото және бейне түсірме жасауы, сондай-ақ дәптерге жазба жасау;

2) құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесуден қашу және бейне камерадан бұлтару әрекеттері (*басын түсіру, бұрылып кету, бетін жабу*);

3) жер төле және шатырларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың кіруі;

4) тұрғын және әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсететін персоналдар және күзетушілермен бейтаныс адамдардың негізсіз байланысқа түсуі, олардан жұмыс тәртібі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар және т.б. жөнінде мәліметтерді жинақтау;

5) бөгде тұлғалармен маңызы төмен жұмыстарды (*пакет, түйіншек, посылка беріп жіберу*) ірі сыйақыға орындайтын тұлғаларды іздеуі.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда келесі іс-қимылды орындау қажет:

1) Ұстауға өздігімен әрекет қабылдамау;

2) Олар жөнінде құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау;

3) Өзініз назарға түспеу, тұлғалардың санын, нақты сыртқа белгілерін, киімдерін және оларда бар заттарды, қолдануындағы автокөлік номерін және маркасын, қозғалыс бағытын белгілеп алу.

Күдікті зат тауып алған кездегі тұрғындарға арналған жаднама

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның расында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б.

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

- 1) көлік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындарда белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;
- 2) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың: кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;
- 3) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизміне, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаныз, ол фактінің назардан тыс қалдырманыз:

1) қоғамдық көлікте:

- заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыныңдағы адамдардан сұраңыз;
- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.

2) үйініздің кіре берісінде:

- көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).

3) көшеде, саябақта және т. б.:

- айналыңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауга тырысыныңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлаңыз (тел.102, 112);
- затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыныңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

4) мекемелерде, үйымдарда:

- тауып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе өкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жасауға тырыспаңыз**, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылышқа, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Узілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;
- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;
- жерге қөмүге немесе оларды су қоймаларына тастауға;
- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;
- табылған зансыз затты пайдалануға;
- оған жақын аралықта радио- және электрлі - аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға;

Жарылғыш құрылғылардың іске қосылуы нәтижесінде жарылыс аймағында немесе ғимараттың қираган үйінділерінің арасында қалған тұрғындарға арналған жаднама

Егер сіз жарылу аймағында қалсаңыз, естен танбай, қымылдай алатын халде болсаңыз, ең бірінші кезекте тұтін мен жалын жоқ жерге қарай журуге, еңбектеуге тиіссіз.

Егер сіз жарылыс кезінде зардал шекпесеңіз, ал қасынызда зардал шеккен адамдар болса, олардың жан-күйлерін бағалаңыз: тамыры соға ма, адам есін жоғалтқан жоқ па? Ешқашан оның есін мұсәтір арқылы жиғызуға тырыспаңыз. Естен тану – бұл организмнің сыртқы өсерден қорғануы. Егер зардал шеккен адамның сынған жерлері болмаса (оның сүйектерін мұқият басып көрініз), оны қырынан жатқызыңыз. Ол шалқасынан жатса, құсыққа шашалып, етпетінен жатса тұншылып қалуы мүмкін. Күре тамырдан қан кеткен (алқызыл қан шапшып жатса) кезде жарақатты неғұрлым тез, тым болмағанда саусақпен басып, содан соң жараның жоғары жағынан жіппен, белбеумен, баумен, белдікпен тану керек.

Егер сіз ғимараттың қираган үйінділері арасында қалсаңыз, саябыrlауға тырысыңыз. Терең және бірқалыпты тыныс алыңыз. Өзіңізді құтқаратынына иландырыңыз. Дауыстап және заттарды соққылау арқылы адамдардың назарын аударыңыз. Егер сіз ғимараттың қираган үйінділерінің түбінде қалсаңыз, сізді жаңғырық дыбыс анықтағыш арқылы тауып алу үшін кез келген металл затты (сақина, кілт және т.б.) онды-солды қозғап, дыбыс шығарыңыз.

Егер бекітулі кеністікте болсаңыз, оттықты тұтандырмаңыз. Оттегін сақтаңыз.

Қабырғалардың қайта опырылып құлауын болдырмауға тырысып, абайлап жылжыңыз, сырттан соққан ауаның қозғалысы бойынша бағдар ұстаныз. Егер мүмкіндігіңіз болса, қолға ұстауға келетін заттардың (тақтайлар, кірпіштер және т.б.) көмегімен төбені бекітіңіз, содан соң көмек қутіңіз. Қатты шөл қысқан кезде кішкентай тасты аузыңызға салып, сорыңыз, мұрныңызбен тыныс алыңыз.

Адамдарды кепілге алған жағдайдағы іс-қимылдар бойынша тұрғындарға арналған жаднама

Адамдарды кепілге алуудың әрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар егер сіз кепілге алынсаңыз:

1) өз-өзінізге мүмкіндігінше жылдам келініз, тынышталыңыз және үрейленбеніз;

2) егер өзінізді байлап немесе көзінізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең тыныстаңыз;

3) болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

4) егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

5) террористер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дene бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көніл аудара отырып, барынша толық кескінін жасау. Жан-жақты ақпараттың соынан террористердің жеке бастарын анықтауда көмегі тиеді;

6) әр түрлі белгілер бойынша өзініз отырған (қамалған) орынды анықтауға тырысыңыз;

7) мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шаралар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздең атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

8) ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкеңізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

9) егер шабуыл жасаған және басып алған кездे Сізben әдепкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дәрекі іс-әрекетке барса, ашууланбаңыз. Сізді тінтуі, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністікпен қараңыз, шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сәйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) дәлелденген.

Адамды ұрлаушылармен өзара қарым-қатынас:

- 1) агрессивті қарсылық көрсетпеніз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелеменіз;
- 2) мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбасатын байланыстан қашыңыз;
- 3) бастапқыдан - ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бүйрығын және өкімін орындаңыз;
- 4) пассивті ынтымақтастық позициясын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сейлесініз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дүшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімін білдіруден қашыңыз;
- 5) өзінізді сабырлы ұстаңыз, бұл ретте өз абыройынызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзінізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;
- 6) аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін деңсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзінізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізініз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзініздің жай-күйінізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

Кепілдік жағдайында ұзақ болған кезде:

- 1) уайым, абыржу және асып-сасу сезімінің орын алуына жол берменіз. Алдағы сынақтарға өзінізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;
- 2) ашыну сезімінің пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзінізді сендерудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;
- 3) жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсірініз. Уақыт өткен сайын сізді босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл қазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сенініз.
- 4) өзінізге тұрақты айналысатын бір іс (дене жаттығулары, кітап оқу, өмір туралы естеліктер және т.б.) табыңыз. Дене және интеллектуалдық іс-қимылдың тәуліктік кестесін белгілеңіз, оларды қатаң әдістемелік тәртіппен орындаңыз;
- 5) күшінізді сақтау үшін, тіпті ұнамаса және тәбетінізді ашпаса да берген тағамның бәрін женіз. Осында қысылтаяң жағдайда тәбетіңіз бен салмағыныздың жоғалуы қалыпты құбылыс болып табылатындығына ден қойыңыз.

Психологиялық орнықтылықты сақтау кепілдегі адамды құтқарудың маңызды шарттарының бірі. Мұнда ойдың айқындығын сақтауға, жағдайды дәлме-дәл бағалауға мүмкіндік беретін жағымсыз өсерлер мен күйзелістерден оқшаулайтын кез келген амал-әдістер тиімді. Келесі ережелерді ұғып алған пайдалы:

1) аталған жағдайларда қолайлы дene шынықтыру жаттығуларын жасаңыз, кем дегенде, денедегі барлық бұлшық еттерді кезек-кезек ширықтырының және босаңсытының;

2) барлық жағдайларда аутотренинг пен медитацияны қолдану өте пайдалы, олар өз психикаңды бақылауда үстауға көмектеседі;

3) ішінізден оқыған кітаптарының, өлеңдерінізді, әндерінізді есінізге түсірініз, жүйелі түрде әр түрлі дерексіз проблемаларды (математикалық есептерді шығарының, шетел сөздерін есінізге түсірініз және т.б.) ойлап алыңыз. Сіздің ақыл-оыйыңыз жұмыс істеуі керек.

4) егер мүмкіндік боласа, қолыңызға түскеннің бәрін, тіпті оның мәтіні сізге мұлдем қызықсыз болса да оқыңыз. Сондай-ақ жазғандарының қайтып алатынына қарамастан, жазуының да болады. Ақыл-есті сақтауға көмектесетін осы үдерістің өзі маңызды.

5) Болып жатқан жағдайларды жүргегіңізге жақын алмай, сырттан қарауға тырысының, сонына дейін істің сәтті аяқталатынына сеніңіз. Қорқыныш, торығу мен селқостық – бұл үшеуі сіздің негізгі жауыңыз, оның бәрі – өз ішінізде жатыр.

**Эвакуациялау туралы ақпарат алған кездегі
тұрғындардың іс-қимылдары жөніндегі жаднама**

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіруді бастау туралы ақпаратты үйінізде естісептіңіз:

- 1) ая-райына қарай киініңіз, құжаттарыңызды, ақшаларыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;
- 2) электрді, газды, суды ажыратыңыз, пештегі (алау ошақтағы (камин) отты сөндіріңіз;
- 3) көшу кезінде қарияларға және ауыр науқастарға көмек көрсетіңіз;
- 4) кіреберіс есікті құлыпқа жабыңыз;
- 5) ғимараттан шығыңыз және көшірушінің командасын орынданыңыз, тастан кеткен үй-жайға жауапты адамдардың рұқсатынан кейін ғана қайта оралыңыз.

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіру туралы ақпаратты жұмыс орныңында естісептіңіз:

- 1) асықпай және дүрлікпей жұмыс құжаттарыңызды сейфке немесе кілтпен жабылатын үстел жәшіктеріне жинаңыз;
- 2) өзінізбен бірге жеке заттарыңызды, құжаттарыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;
- 3) үйымдастыру техникаларын, электр құрылғыларын сөндіріңіз;
- 4) есікті кілттеп жабыңыз және көшіру тәсілінде белгіленген бағытпен жүріңіз;
- 5) ғимараттан шығыңыз және көшіру басшысының командасын орынданыңыз.